

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Базис Продакшн» ЖШС Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2026 жылғы 05 ақпанда 15.00-де Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Құмтоғай а.о., Қарасай а., Қарасай негізгі орта мектебі, Д.Сарин к-сі, 1, мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Ырғыз ауданындағы Миалы (Солтүстік учаскесі) кен орнының шөгінді тау жыныстарын: қиыршық тас құмды өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы (рұқсат етілген шығарынды нормативі), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-raidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3487420571?pwd=STC3wTBz8zuNkw5Kfwan7SOFbFOz63.1&omn=77914751950> немесе конференция идентификаторы: **348 742 0571**.

Кіру коды: 2026.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: marat_bekmukashe@mail.ru және +77057246527 телефоны.

«Базис Продакшн» ЖШС, БСН 080140003319, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 276/1 үй, тел.: +7747 599 3147, e-mail: tagam@mail.ru.

«PEGAS OIL COMPANY» ЖШС, БСН 140840007866, ҚР, Ақтөбе қ., Ақтөбе облысы, Алматы ауданы, Заречный-2 т.а., 704/7 үй, тел.: 87771679393, e-mail: marat_bekmukashe@mail.ru.

ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа жыл мерекесі мен түрлі салтанатты шаралар кезінде пиротехникалық бұйымдарды қолдану жиілейді. Алайда отшашулар, фейерверктер, петардалар мен басқа да пиротехникалық құралдарды дұрыс пайдаланбау адам өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ мүлікке үлкен қауіп төндіреді.

Осыған байланысты Ырғыз ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды пиротехникалық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Бұйымды пайдалану нұсқаулығын ерінбей мұқият оқыңыз.

Есіңізде болсын:

- Өзіңізге таныс және қарапайым пиротехникалық бұйымның өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін;

- Фитильді кол созым ара қашықтықта тұтандыру қажет;

- Көрермендер нақты пиротехникалық бұйымды пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген қауіпті аймақтан кемінде 20 метр қашықтықта орналасуы қажет.

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

• Тұтандырылған пиротехникалық бұйымдарды қолда ұстауға;

• Тұтанған және жанып

болған, сонымен қатар тұтанбай қалған жағдайда пиротехникалық бұйымдарды қарау үшін еңкеюге;

• Пиротехникалық бұйымдарды бөлме ішінде пайдалануға;

• Пиротехникалық бұйымдарды қауіпті аумақ радиусынан кем емес қашықтықта ғимараттардың, имараттардың, ағаштардың, электр беру желілерінің қасында пайдалануға;

• Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде адамдар тұрған жаққа және олар келіп қалуы мүмкін аймаққа қарай бағыттауға;

• Бұндай бұйымдарды қолдан сатып алуға, олардың қаптамалары зақымдалған және сақтау мерзімі өтіп кеткен болса.

ПЕТАРДАЛАРМЕН ШАРТЫЛДАҚТАР – БАЛАЛАР ОЙНАУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНШЫҚТАР ЕМЕС. ӨЗІҢІЗ ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ ЖӘНЕ ДОСТАРЫҢЫЗҒА АЙТЫП ЖҮРІҢІЗ! ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ! ҚАУІПСІЗ МЕРЕКЕ ТІЛЕЙМІЗ!

ӨРТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА «101», «112» ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Ырғыз ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

БІЗДІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Ауданымыздың шаруашылық саласы күн сайын өркендеу үстінде. Осының бір айғағы, Ырғыз өңірінің балық шаруашылығы саласы.

Қазіргі нарық заманында кәсіп еткен адамға бұл салада нәсібі мол кәсіп болып саналады. Ата-бабамыз балық аулаумен етенеден айналысқаны белгілі.

Қазіргі уақытта біздің шаруашылығымызда «Қызылкөл» су айдыны бар. Даму жоспарына сай

«Қызылкөл» су айдынына балық қорын көбейту мақсатында биыл «Қамыстыбас» балық питомнигінен арнайы көлікпен 30 мың дана балық шабақтары көл суына жіберілді.

Алдағы уақытта көл айдынындағы балықтардың қыс мезгілінде сақталуына жұмыстар атқарылуда.

Б.БІЛІСБАЕВА,
«Нұрғали» шаруа қожалығының төрағасы

ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТАЙЫҚ

Біздің Ырғыз өңірі 80 көлімен облыс көлемінен асып республика көлемінде белгілі десем, артық айтпағандық болар. Ауданымыздың балығы біраз жерге тіл үйретін дәмімен белгілі.

Осы орайда, туған жеріміздің табиғатын тамашалап, аң-құсын қызықтап саяхаттап келушілер легінің жылдың қандай мезгілі болмасын толастамайтындығы баршамызға белгілі. Әрине, табиғат аясында тыныстап, балық аулап, серуендегенді кім-кімнің де ұнатары анық. Алайда, осы табиғат аясында демалушылардың тазалық мәдениетін сақтамайтындығы қынжылтады.

Біз отбасымызбен балық шаруашылығымен дамытумен айналысып келеміз. Өңірімізге келген балық аулаушыларға қызмет көрсетеміз. Бізге келген әрбір азамат табиғат аясында демалып, әуесқой-

лықпен балық аулайды. Алайда, осы кәсібімізді әлі жолға қоя алмай келеміз. Оған себеп, әуесқойлықпен балық аулауға келушілерге қанша түсіндірсек те, тазалық пен тәртіп мәселесін сақтамайтындары қынжылтады.

Сондықтан да, табиғат аясына демалуға келген азаматтар табиғатымызға құрметпен қараса деймін. Ортақ талапқа бағынып, демалған жерлерін тазартып, керексіз қоқыс қалдықтарын өздерімен ала кетсе нұр үстіне нұр болар еді.

Табиғат- ортақ үйіміз. Сіз демалған жерге келесі күні өзгелер демалатынын ұмытпасақ дейміз. Табиғатымызға жанашырлық танытып, келешекке үлгі болайық, ағайын!

Гүлнафис БІЛІСБАЕВА,
«Нұрлан» шаруа қожалығының төрағасы

ШАБАҚТАР КӨЛГЕ ЖІБЕРІЛДІ



Ырғыз ауданы аумағындағы өзен-көлдерге шабақ жіберу маусымы басталды. Мұндағы негізгі мақсат – өңірдегі өзен-көлдердің экожүйесін қалыпқа келтіріп, су айдындарындағы балық санын көбейту.

Осы мақсатта «Қамыстыбас» питомнигінен Жайсаңбай ауылынан 22 шақырым жерде орналасқан «Мадияр» шаруа қожалығына қарасты «Кіші Қаракөл» көліне 6000 дана шабақ жіберілді.

Өзен-көлдегі балықты өсіріп оты-

рмасаң оның да қоры азайып, байлығы ортайып қалатыны белгілі. Сондықтан, өңірдегі өзен-көлдерге шабақ жіберу үрдісі жыл сайын жүргізіліп келеді.

Бұл науқан өзен-көлдердің экожүйесін қалыпқа келтіру және тауарлық бағыттағы балық санын арттыру жоспарының шеңберінде жүзеге асырылады.

Сәкен ЖАКЕШОВ,
«Мадияр» шаруа қожалығының төрағасы